



Тілекжан РЫСҚАЛИЕВ,
философия
ғылымдарының докторы,
профессор

Орыста «Бақыт басқа қонбап еді, бақыт-сызыңың сеп болды» деген мақал бар. 1991 жылдың соңында Кеңес одағы ыдырап, еліміз егемендікке қол жеткізгенде солай деп ойлан едік. Тәуелсіздік бізге оп-оңай келе салмағаның кейін барып түсіндік.

Енді, міне, қаңтар қасіретінен кейін бәрі де - билік те, халық та, азamatтар да өзегерепе бастады. Эдette жылдаап күтетін жаңалықтар төрт-бес айдың ішінде бірінен соң бірі жарық көріп жатыр. Уақыт талабы халықтың қалауы осыған алып келді. Алда болатын референдум да аса маңызды жаңалық болғалы тұр.

Бұрын да Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ олар жогарыдан, халықтың тікелей қатысусының Парламент, депутаттар арқылы іске қосылды. Бұл жолғы референдумның жөні басқа. Мұнда Президенттің наурыз айындағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған іpi

Бұгінгі жастар қандай болса, елдің болашағы да сондай



саяси реформалар бағдарламасы бүкіл халықтың талқысына ұсынылып отыр. Билік халықтың пікірін білгісі келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың референдумга байланысты бейнеуңдеуінде оның мақсаты, қабылданатын Конституциялық реформалардың мән-жайы нақты көрсетілді.

Бәріміз бірігіп құратын Жаңа Қазақстанның екінші анықтамасы - Екінші республика. «Res publica» деген латын сөзі қоғамдық іс, яғни көптің іci дегенді билдіреді. Елді жаңарту мен жаңғыруға қарастыру ісіне бүкіл халық атсалысады деген сез. Азаматтардың абырайты да, жауапкершілігі де артады. Енді «Саясаттың маған қатысы жоқ» деп ешкім қарап отыра алмайды.

Жаңа Қазақстанның тағы бір нақты анықтамасы әділетті Қазақстан болуы ке-

рек. Халқымыз жылдар бойы әділдікті аңсан, соған қол жеткізе алмай келіп еді. Енді әділеттілік қағидаты салтанат қуратын болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билік басына келгеннен бері әділеттілік үстанымын алға тар-тып келеді.

Референдум арқылы Конституцияға көптеген өзгерістер енгізілетін болыш түр. Соның нәтижесінде елімізде демократиялық үрдіс нығая түседі, нақты демократия іске қосылады. Бұрын халық пен биліктің арасында неміс-райлылық, сенімсіздік белең алды. Билік қарапайым халыққа назар аудармады. Тек соңғы кезде Президенттің бастасымен Парламент те, үкімет те халыққа бет бұра бастады, халықтың пікірімен, мұддесімен санасатын

бодлы. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» деп айтуға мүмкіндік туды. Президент

қоғам мен биліктің тиімдіктерінен
диалогін орнатуға күш салып
кеleді.

«Жолдауда айтылған бас тамалардың негізгі мақсаты, деп атап көрсетті Қасым-Жомарт Тоқаев, саяси жүйемізді тубірімен өзгерту. Бұл халықтың көп жылғы талап-тілегі нен туындал отыр. Азаматтарымыз мемлекетті басқару ісіне қатысуға кең мүмкіндік берілгенін қалайды». Сондықтан да Конституцияға өзгертулер енгізу қажет болды.

Енді Парламент палаталарының рөлі мен мәртебесі күштегі шайееді. Бұрын Мәжіліс заң жобаларын қарастырып мақұлдаумен шектелетін еді. Енді оған сол заңдарды қабылдау күзіреті беріледі. Сенат енді заңдарды қабылдаумен емес, мақұлдау немесе мақұлдау ісімен айналысады. Бұл - ықпалды Парламент күрга бағытталған нақты қадам

Тағы бір жаңалық – бұрын

ғы Конституциялық кеңестің орнына Конституциялық сот құрылады. Конституциялық кеңеске кез келген адам жүргіне алмайтын еді. Өйткені ол - сот емес, саяси құрылым (орган). Енді Конституциялық сотқа конституциялық құқығы бұзылған адамдардың бәрі жүгінеге алады.

Өз басым, референдумның ойдағыдан етептінде, Конституциядағы өзгерістерді халықтың қолдайтынына күмәндандаймын. Менің күтептінім - ұсынылған тарихи мүмкіндіктерді ұтымды пайдаланып, қоғам болып, жеке адам болып, демократиялық жаңғыру жодымен алға жылжу.

Аға үрпақтың өкілі ре-
тінде, ұстаз ретінде жас-
тарға айтар тілегім: рефе-
рендум да, онда қабылда-
натын Конституциялық
реформалар да түбінде сіз-
дер үшін жасалып жатыр.
Жаңа Қазақстанды, әділет-
ті Қазақстанды күрattyн-
дар, ең алдымен, сіздерсіз-
дер. Сіздер қандай болсан-
дар. Жаңа Қазақстан да
сондай. Осыны есте ұстап,
ынталы, жігерлі, белсенеді,
елін, халқын сүйетін отан-
шыл болуға талпынындар,
айналайындар!

Бізде мүмкіндік жетеді. Елдің өртөнгі үшін, жас үрпактың болашағы үшін жасалып жатқан референдумға үлкен кішіміз түргел қатысайық!